

Алашорда қайраткерлерінің сапында есімі осы күнге дейін беймәлім болып келген арысымыз бар. Ол – Имам Әлімбеков. Бұл арысымыз туралы қазірге дейін табылған деректер және жазылған мақалалар өте аз. Ол өзіміздің Қарағанды өңірінің тумасы. 1883 жылы Қарқаралы уезі, Ақсары болысы, Уақ қыстағында туған.

Имamnың әкесі Әлімбек орта шаруа, өз елінде беделді, бір руға би болған адам. Кезінде ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан сабақ алған. Көзі ашық, хат танитын болған. «Айқап», «Абай» журналдарын, «Дала уалаяты», «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерін жаздырып, оқып отырған.

Имamnың ата-тегіне келсек, ол – Арғын – Алтай тайпасының Саңай руынан. Саңайдан – Байболды (бірінші әйелінен) және Алдаберген (екінші әйелінен). Алдабергеннен – Құрманқұл, одан – Келдәулет. Келдәулеттен – Малдыбай, одан – Жаныс. Жаныстан – Ермаған, одан – Бақтыбай. Бақтыбайдан – Әлімбек, одан – Имам. Ол әуелі ауыл молдасы Сүлейменнен үш-төрт жыл оқып, арабша жазып үйренген. Сонан әкесі оны Қарқаралыдағы қазақ-орыс мектебіне берген. Мектепті бітіргеннен кейін Семейдің мұғалімдік гимназиясына барып түскен. Гимназияда Әбікей Сәтбайұлымен (академик Қаныш Сәтбаевтың ағасы) бірге оқыған.

Одан кейін Омбы семинариясын бітіріп, дипломды мұғалім болып көп жыл Семейдің губерниялық халыққа білім беру бөлімінде инспектор және Семейдегі оқу орындарында орыс тілі мен жағрапия пәндерінен сабақ береді. Семейде жұмыс істей жүріп қазақтың көзкекті интеллигенция өкілдерімен танысады. Солардың ықпалымен халықтың болашағы үшін саяси жұмыстарға араласады.

1905 жылғы Ресейдегі бірінші революция патша үкіметінің үрейін ұшырды. Сондықтан ол саяси құқық пен бостандықтар саласында кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, 1905 жылдың 18 ақпанында қандай дінді болса да ұстауға, Ресей империясына қарайтын халықтар өз қажеттіліктері туралы патшаның атына арыз-тілектер (петициялар) жазуына болатындығы туралы жарлық шықты.

Бұл мүмкіндікті қазақ зиялылары да пайдаланып, Ресейден Қазақстанға қаптап келіп жатқан көшпенділерді тоқтату, саяси жүйені реформалау және т.б. қоғамдық-саяси мәселелерді көтереді. Сондықтан 1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жылдық тойына арнап жазған мақаласында М.Әуезов былай деген еді: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, күндіз хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құрапы – барлық мұсылман жұртының

Новосибирскінің (Новониколаевск) демократиялық бағыттағы орыс газеттеріне көптеген мақалалар бастырды.

Новониколаевскіде В.Куйбышевтер шығаратын газетке де (большевиктік газет) мақала жазған. «Сибирская новь» газеті редакциясында В.Куйбышевпен кездескенде ол Имамға: «Біздің РСДРП-ге кір, оның идеясы патша өкіметіне, империяға қарсы» дегенде, Имекең: «Оның дұрыс, біз империяның отаршылдық саясатына қарсымыз. Бірақ та біз, қазақтар, өзіміз демократиялық партия құрамыз» – дейді. Сонда Куйбышев: «Оларың да дұрыс екен, біз қолдаймыз», – депті.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Қазақстанның

Мұндай салмақты деректер әр түрлі лауазымы жоғары авторлардың зерттеу жазбаларынан, естеліктері мен баспа беттерінен және С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабынан да алынып отыр. Мысалы, Сәкен өзінің кітабында былай деп жазды: «Семейде о б л а с т н о й «Алаш» партиясының комитеті ашылған хабарын жазып едік. «Сарыарқаның» соңғы нөмірінде бұл



көптеген елді мекендерінде қоғамдық-саяси ұйымдар пайда болды. Мысалы, Омбы қаласында «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» мен «Бірлік» ұйымы, Ақмолада «Жас қазақ», Спасскде «Жас жүрек», Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы», Семейде «Жанар», Қызылжарда «Талап».

Қазақ зиялылары алғашқысында Уақытша үкіметке, оны басқарушы кадет партиясына ынтарлықтай сенім артты. Бірақ ол сенім ақталмады. Уақытша үкімет ұлттық-мемлекеттік құрылыс, жер, дін сияқты негізгі саяси-әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешпей, бұрынғы патша үкіметінің саясатын одан әрі жүргізді. Сондықтан Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары ка-

туралы мынадай мақала басылды: «Алаш» партиясының Семейде уақытша обласной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер:

Әлімхан Ермеқұлы, Рақымжан Мәрсеқұлы, Имам Әлімбеқұлы, Ақметжан Қозыбағарұлы, Тұрағұл Құнанбаев, Қалел Ғаббасұлы, Сыдық Дүйсенбайұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Данияр Молдабайұлы, Биамет Сөрсенұлы, бұлардан басқа уез басы бір кісі кіруге орын қалдырды... Комитеттің председателі Қалел Ғаббасұлы, жолдас Ақметжан Қозыбағарұлы, секретарь Сыдық Дүйсенбайұлы, қазынашысы Данияр Молдабайұлы, құрметті председателі Әлихан Бөкейханұлы... деп, «Қазақ» газеті «Сарыарқадан» көшіреді» (Сей-

ғында Қарқаралының Бесоба, Милыбұлақ, Қу (қазіргі Егіндібұлақ) ауылдарында және Ақтоғайға мектептер, басқа да мәдени ошақтар ашылуына ұйтқы болады.

Жырымасыншы жылдардың аяғында Қарқаралы қаласындағы ұлт зиялыларына таянған тыңыр, тергеу, тексеру әрекеттері Имам Әлімбековке де маза бермегенге ұқсайды. Содан да болар ол Қарқаралыдағы қызметін тастап, Мағжан Жұмабаевтың шақыруымен Петропавлға көшіп барып, сондағы ауыл шаруашылығы техникумына оқытушы болып орналасады.

Осы тұста Имекең қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевпен етене жақсы танысып, рухтас, ниеттес күн кешеді. Ақынның жауһар жырларынан өзінің әсершіл әсем жанына шуақ жинайды. Имекең М.Жұмабаев сияқты табиғатынан алдаспан ақын, тамаша әдебиетшіден дәріс алады. Оның туған халқына адал қызмет етуге ұмтылып тұрар жарқын тұлғасынан, іс-әрекетінен өнеге емедей.

Өкінішке орай, НКВД-нің құрығы ұзын еді. И.Әлімбеков тоталитаризм құрығына 1929 жылы түскен. НКВД Имамды қолға түсіру үшін әйтеуір бір желеуді ойлап тапқан. Сөйтіп ол Голощекинге қастандық жасауды ойластырған топқа (ойдан қиоластырған істің арқасында) бірге қосақталып кете барған. Осы «қылмысты іс» бойынша 44 азамат тұтқындалыпты. Олардың ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, т.б. азаматтар бар еді. 1929 жылы 16 тамызда олар Алматы түрмесінен Мәскеудің Бутырка абақтысына айдалды. 1930 жылы 4 сәуірде Біріккен саяси Бас басқармасының алқасы, 13 кісіні ату жазасына кесті. Осы жазаны алғандар арасында белгілі азаматтардан Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Имамның есімін көреміз. Бірақ 1931 жылы 13 қаңтарда жоғарыда аталған алқа үкімі кейбір азаматтар үшін бұзылып, оларды 10 жыл мерзімге жер аударған.

Мағжан мен Имам Кольск жарты аралындағы «Медвежья гора» лагеріне айдалған. Мағжанның әйелі Зылиха Имамның әйелі Қатипаны ертіп алып, Москвада Қызыл Кресте істейтін жазушы М.Горькийдің әйелі – Пешкованың көмегімен 1935 жылы Мағжан мен Имамды айдаудан босатқызырып алған.

Түрмеден босаған соң Имам Әлімбеков Павлодар қаласындағы ет-сүт техникумында сабақ береді. Осы уақытта Қарқаралы қайтадан аймаққа айналады. Аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Имекеңнің семинариялық досы Әбдірахман Асылбеков сайланады. Ол Имамның Павлодарда екенін біліп, шақыртып алады.

Сонымен И.Әлімбеков еліне - Қарқарылға қайтып, бір кездері өзі ашқызған Бесоба мектебіне оқытушы болып орналасады. Қалған ғұмырын (бұл кезде 52 жаста) ұстаздық жолға арнаған И.Әлімбеков екі-ақ жыл қызмет етіп, 1937 жылы 17 наурызда мектептен «халық жауы» ретінде ұсталды.

Сөйтіп, Имам Әлімбеков атышулы «үштіктің» шешімімен «халық жауы», «контрреволюциялық ұйымға қатысқаны» үшін, «Алаш орда партиясының үгітшісі әрі мүшесі» ретінде ату жазасына кесіледі. Бұл шығарылған үкім

өздері: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы – барлық мұсылман жұртының қосылуында, қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер – осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан Ақандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» (Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991, 19-шы бет).

Имам Әлімбеков саяси күрескерліктің алғашқы сабағын осы Қарқаралыда А.Байтұрсыновтан алды. 1905 жылғы революциялық оқиға кезінде ол Қарқаралыдан шеруге қатысқандар қатарында болды. Қарқаралыдағы митингте 14,5 мың адам қол қойған Россия Министрлер кеңесінің төрағасы С.Виттенің атына жолдаған петицияны Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев, Имам Әлімбеков сияқты ұлттық-десмократиялық қазақ зиялылары дайындағаны айдан анық.

Имам Әлімбековтің адам ретінде, азамат ретінде қалыптасуына ардагер Ахмет Байтұрсынов көп ықпал жасаған. XIX ғасырдың бас кезінде Орынбордан мұғалімдік мектепті бітіріп келген Әлихан Бөкейхановтың шақыруымен Семейге Ахаң келіп, сабақ береді. Сол кездерде Имам Аханмен жақсы танысып, екеуі бір пәтерде тұрады. Кейін 1905 жылы Ахаң мен Имам Қарқаралыда жаңа қазақ оқулығы мен әліппесі арқылы оқитын қазақ мектебін ашады.

Ал 1907 жылы Ахаң да, Имекең де Семейде гимназияда сабақ берген кезінде, бұлар орыс қыздары Валентина мен Варвараға үйленіп, той жасап, Семейдегі Ахмет мешітіне апарып неке қиғызды. Біреуі келіншегі Бәдриса деп, екіншісі Бәтима деп ат қойып, тілдерін кәлимаға келтірген.

1908-1913 жылдары Имам Әлімбеков сол кездегі қазақ қоғамына ең бір қажет және кең шеңберде дамуға бет алған ағартушылық, демократтық қозғалысқа белсене араласады. Ол орыс-қазақ мектептерінде, семинарияларда педагог бола жүріп, қоғамдық әлеуметтік өмірге үңілді, айналаға білім-ғылым таратудың тиімді жолдарын қарастырды, қазақ тілі және әдебиетінің тарихымен, теориясымен шұғылданды, халықтың көркем сөз мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу ісіне араласты, баспасөзге мақалалар жазды, аударма жасады.

«Қазақ» газеті бетінде қазақ халқының қоғамдық және мәдени мүдде-қажеттіктерін батыл сөз еткен материалдар жиі басыла бастады. И.Әлімбеков сол газетке Семейден тұрақты түрде мақала жазып тұрды. Сонымен қатар Ахаңның тапсыруымен патшаның отаршылдық саясатына, әсіресе келімсектер көптеп келіп, қоныстана бастауына қарсы болып, Петербургтың, Омбының,

үкіметке, оны басқарушы кадет партиясына айтарлықтай сенім артты. Бірақ ол сенім ақталмады. Уақытша үкімет ұлттық-мемлекеттік құрылыс, жер, дін сияқты негізгі саяси-әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешпей, бұрынғы патша үкіметінің саясатын одан әрі жүргізді. Сондықтан Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары кадет партиясынан қол үзіп, өз жерінің ұлттық-саяси Алаш партиясын ұйымдастыруға кірісті.

Алаш партиясын құру үшін жалпықазақтық съезд шақыру керек еді. Мұндай шешім 1917 жылғы сәуір айында Торғайда өткен облыстық қазақ съезінде қабылданды.

Бұл съезге үш жүзден астам адам қатысқан. Оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан өкілдер келген. Оны «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов ашып, оған қатысушыларды құттықтай келіп, патша өкіметі құлап, уақытша үкімет дәуіріндегі қазақ жеріндегі саяси ахуал мен алда тұрған міндеттерге шолу жасады. Президиумға Ахмет Байтұрсынов, I мемлекеттік думаның мүшесі Алпысбай Қалменов, Уәлихан Танашев, Сейдіқазым Қадырбаев, Омар Алмасов, Шафхат Бекмұхамедов сайланды. Съезд қараған 14 мәселенің бірі жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съезд өткізу туралы болды. Онда қазақ халқының біріктіру, Алаш партиясын, Алашорда мемлекетін құрудың бағдарламаларын қабылдау туралы қаулы қабылданды да, осыларды жүзеге асыру үшін ұйымдастыру бюросы құрылды. Сол сегіз адамнан тұратын бюросының мүшесі болып Имам Әлімбеков сайланды.

Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Съезде қазақтың саяси партиясы болуы керектігі баса айтылды. Оған «Алаш» деген ат берілді.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – И.Әлімбеков, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Х.Ғаббасов, т.б. кірді.

1917 жылдың желтоқсанында «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылды. Оның мүшелері болып Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Рақымжан Мәрсеков, Имам Әлімбеков, Ахметжан Қозыбағаров, Тұрағұл Құнанбаев, Сыдық Дүйсенбаев, Мұстақым Малдыбаев, Данияр Молдабаев, Биыхмет Сәрсеков сайланды. Комитет төрағасы Халел Ғаббасов, құрметті төрағасы болып Әлихан Бөкейханов бірауыздан сайланған.

«Қазақстан коммунисті» журналының 1981 жылғы 8-ші санында «Алаш» азаматтары, олар кімдер?» деген тақырыппен «Алаш» қозғалысына қатысушылардың тізімі берілген. Сонда «...Әлімбеков Имам – «Алаштың» Семей облыстық ұйымы төрағасының орынбасары.

«Алаш» партиясының орталық үні – 1918-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы, «Алаштың» атты әскерлер полкын жасақтаушылардың бірі» деп жазылған.

Сәрсенұлы, бұлардан басқа уез басы бір кісі кіруге орын қалдырды... Комитеттің председателі Қалел Ғаббасұлы, жолдас Ақметжан Қозыбағарұлы, секретарь Сыдық Дүйсенбайұлы, қазынашысы Данияр Молдабайұлы, құрметті председателі Әлихан Бөкейханұлы... деп, «Қазақ» газеті «Сарыарқадан көшіреді» (Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу». – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960, 93-94 беттер).

1918-1919 жылдары И.Әлімбековпен бірге «Сарыарқа» газетінде Мұхтар Әуезов, Тұрағұл Құнанбаев (Абайдың баласы), Мұхтар Саматов қызмет етеді. М.Әуезов жазған «Қаракөз» пьесасына Имекең осы газетте рецензия жариялайды. Сол жылдары Тұрағұл Абайұлы мен Имам Әлімбекұлы Семейде Алаш әскерін құруға белсенді түрде қатысады, ол үшін қаражат жинайды.

Өкінішке орай, Алаш партиясы өз мақсатына жете алмады. Азамат соғысы жылдарында (1918-1920) жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы тарих сахнасынан кетірді. Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластатуда алдау мен арбау әдістерін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданды.

Осындай аласапыран кезеңіндегі Имам ағамыздың тағдыры туралы мынандай деректер архив материалдарында сақталып қалған екен.

1920 жылы Семейге қызылдар келіп, Имамды түрмеге жақпаңда жолдастары Новосибирскідегі Күйбышевке барған. Ол Семей ревкомына жеделхат жолдап, Имамды босаттырған. Одан екі жыл бұрын 1918 жылы Семейге қолчакшылар келіп, Имамды түрмеге жақпаң. Бұл жолы Ахаң өзі Омбыға барып Қолчакқа жолығып, босатқызын.

1920 жылы қыста Торғай облысы жұттан малдары көп қырылып, жаман жүдеп қалады. Бұл жайды Ахаң Семейде біліп, алаш азаматтары жиналып, Торғайға көмек беру керек деп Семей губаткомының қаулысын шығартып, Семейдің бас уезіне өкілдер жібереді. Сонда Имам Баянауыл уезіне барады. Одан Имам көп мал жинап, Қарқаралы елінде жүрген Ж.Аймауытовқа тапсырған. Ал Аймауытов қыркүйек айында он мыңдай жылқы, қар мал, қолдарды Ұлытау арқылы Торғайға айдап келіп, жұтағандарға таратқан.

«Алашорда» үкіметі, «Алаш» қозғалысы таратылған соң И.Әлімбеков ағартушылық қызметке ден қояды. Қарқаралы уездік оқу бөлімінің бастығы, методист-инспектор, педтехникум, гимназияларда оқытушы болып қызмет істейді.

1924 жылы Имекең бұрынғы бәйбішесі Бәтимамен ағырылысады. Жолдастары Сәтбаев пен Сейітовтер оны Шорман ауылына ертіп апарды. Онда Сәдуақас Шормановпен кездеседі. Сәдуақас өзінің немере қарындасы Қатиға Заркешқызы Шормановамен Имамды қосып, оларды Қарқаралыға қайтарады.

Имам Әлімбеков 1924-1928 жылдар аралы-

жолға арнаған И.Әлімбеков екі-ақ жыл қызмет етіп, 1937 жылы 17 наурызда мектептен «халық жауы» ретінде ұсталады.

Сөйтіп, Имам Әлімбеков атышулы «үштіктің» шешімімен «халық жауы», «контрреволюциялық ұйымға қатысқаны» үшін, «Алаш орда партиясының үгітіші әрі мүшесі» ретінде ату жазасына кесіледі. Бұл шығарылған үкім 1937 жылдың 17 қыркүйек күні жүзеге асырылады.

Имамнан екі ұл тарайды. Олардың өздерінің және балаларының аты-жөндері төмендегідей:

- 1) Имам – одан кейін Имамағзам, Ақжелке;
- 2) Ақжелкеден – Мейрам, Оркен;
- 3) Мейрамнан – Марат, Болат, Дана;
- 4) Оркеннен – Орал, Асқар.

Имекеңнің жары Қатиға және балалары тағдыр тауқыметінің темірдей тезіне түсіп, өзектен тепкен тасыр қылықтың, қиянатшыл тірліктің тәлкегіне төтеп берді.

### Сөз түйіні

Ата-бабаларымыз «біреудің көз жасына қалма» деп бекер айтпаған. Л.Фейербах: «Адам құр сүлдісмен емес, рухымен адам саналады» деген екен. Данышпанның осы айтқаны тірі жүрген адамдардың бәрінші бойынан табыла бермейді. Осы Әлекең, Ахаң, Имекең сияқты адамдарды, олардың істерін жамандап мақала, кітап жазғандар, «ғылыми» диссертация қорғағандар да болды, бірақ солары өмірімізде ешбір кәдеге асқан жоқ, тек сол адамдардың құлқындарының пайдасына ғана жарды. Солардың «еңбектері» мен аттарын бұл күнде ешкім ауызға алмайды.

Заман кейін аз күннің ішінде өзгеріп, жариялылық, демократия, әлеуметтік әділет қайта орнап, Сталин тұсындағы, одан кейінгі сталиншілердің халыққа берген зөбірлінің, қылмыстарының беті ашылып, сол кездерде нахақ күйіген, халқына адал қызмет еткен ардагерлеріміз ақталып, жоғымыз табылғандай, кеміміз толғандай болып барша халық қуанып қалды. Алқалы топ осы Қарағанды өңірінде туған, қазақтың Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Әлімхан, Мұстафа Шоқай сияқты алыптармен бір жол, бір тілек, бір мақсат, бір ниетте бола білген Имам Әлімбеков сияқты асыл азаматын ұмытпайды. Сең сөгілді. Тарих ақтаңдағындай көп көңілінен көмескіленіп келген Имамдай аяулы азаматының артта қалған әдеби, педагогикалық еңбектеріне етене араласар уақыт та алыс емес. Тек ол жүріп өткен жол, жазып қалдырған еңбектер ізіне түсер тағылымды Іс-әрекет керек.

Рашид КАРЕНОВ,  
Халықаралық ақпараттану академигі,  
экономика ғылымдарының докторы, профессор.